

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы»  
(Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ  
Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының  
2022 жылғы 30 қараша  
(№ 30 хаттама) шешімімен бекітілді

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНДА  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ  
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮПҚАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 22 ж. « 08 » 12

БСН 970740000838

№ 2359-1901-ЧАО-АД

Бастапқы тіркелген күні  
1997 ж. « 11 » 07

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы»  
(Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)  
«KEGOC» акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

## 1-бап. Жалпы ережелер

1. «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта құру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC»;

3) ағылшын тілінде: joint stock company «KEGOC» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company).

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «KEGOC» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «KEGOC»;

3) ағылшын тілінде: JSC «KEGOC».

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

Z00T2D0, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат.

5. Қоғамның корпоративтік сайты – [www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)

6. Қоғам қызметінің мерзімі шектеусіз.

## 2-бап. Қоғамның заңды мәртебесі

1. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамаларын, сонымен қатар осы Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін, Қоғамның басқа да құжаттарын, жалпы қабылданған іскерлік этика қағидаттарын (дағдыларын) және өздерінің шарттық міндеттемелерін басшылыққа алады.

2. Қоғам ұлттық компания болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылатын және өзінің негізгі мақсаты ретінде жарғылық қызметінен таза табыс алатын коммерциялық ұйымды білдіреді.

Қоғамның миссиясы – Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін, қолжетімділігін және озық дамуын қамтамасыз ету.

3. Қоғамның:

1) банктік шоттары;

2) Қоғамның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық атауы және басқа да деректемелер жазылған дөңгелек мөрі мен фирмалық бланкілері;

3) меншік құқығында тиесілі және өз акционерлерінің мүлкінен оқшау мүлкі;

4) дербес балансы;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркелген тауар белгісі бар.

4. Жарғыда көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржылық ұйымдарда ұлттық валютада да, шетелдік валютада да шоттар ашуға;

2) бағалы қағаздар шығаруға;

3) өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасауға;

4) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын алуға және жүзеге асыруға және міндеттер атқаруға;

5) сотта, төрелік сотта талап қоюшы, жауап беруші және үшінші тұлға болуға;

6) мөртабандары, танымбелгілері, символикалары, логотиптерінің болуына;

7) басқа да заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға;

8) өзінің орналасқан жерінен тыс аумақтарда заңды тұлға болып табылмайтын және ережелер негізінде Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін коммерциялық емес ұйымдар, филиалдар мен өкілдіктер құруға, оларға меншік мүлігі есебінен негізгі және айналым құралдарын беруге;

9) басқа да құқықтарын жүзеге асыруға құқылы.

5. Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі «Ұлттық әлауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған тәртіпте бекітілетін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының қайырымдылық бағдарламасында қарастырылған жағдайды қоспағанда, Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқығы жоқ.

6. Қоғам:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне жауапкершілік алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен өзіне жүктелген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

7. Қоғам өз мүлігі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты болады.

8. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері үшін жауапты болмайды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

9. Қоғам Атқарушы дирекция мен филиалдардан тұрады. Атқарушы дирекцияның жалпы қызметкерлер санын және ұйымдық құрылымын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді. Филиалдардың қызметкерлерінің жалпы саны мен ұйымдық құрылымы Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес бекітіледі.

### **3-бап. Қоғамның құрылтай құжаттары**

1. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.
2. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте танысуға құқылы.

### **4-бап. Қоғам қызметінің түрлері мен функциялары**

1. Қоғам мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:
  - 1) ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша жүйелік қызмет көрсету;
  - 2) ұлттық электр торабының жабдықтарына пайдалану бойынша қызмет көрсету;
  - 3) электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімдерін жасауды және тәуліктік кестесін жасауды қоса алғанда, шартқа сәйкес Қазақстан Республикасы біртұтас электр энергетикалық жүйесінің жұмыс режимдерін орталықтан жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыра отырып, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша жүйелік қызмет көрсету;
  - 4) электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша жүйелік қызмет көрсету;
  - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеуді жүзеге асыру;
  - 6) нақты уақыт режимінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы мен жүйелік және қосалқы қызметтер нарығының жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыру;
  - 7) қатарлас жұмыс режимдерін басқару және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша іргелес мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау;
  - 8) электр қуатын реттеу және резервтеу;
  - 9) электр энергиясы көтерме сауда нарығының барлық субъектілерінің бірыңғай ақпараттық жүйесін, электр энергиясын есепке алудың автоматтандырылған жүйесін, релелік қорғау және аварияға қарсы автоматикасының түйіндес құрылғыларын құру бойынша техникалық және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;
  - 10) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жеке технологиялық және өндірістік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесін орталықтан жедел-диспетчерлік басқару;

12) Қоғамның ведомствоға бағынысты ұйымдарының объектілеріндегі электр моторларды, генераторлар мен трансформаторларды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету;

13) Қоғамның ведомствоға бағынысты ұйымдарының объектілеріндегі электр таратқыш және реттеуші аппаратураларды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету;

14) Қоғамның ведомствоға бағынысты ұйымдарының объектілеріндегі электрмен жарықтандыру жабдықтарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету;

15) Қоғамның ведомствоға бағынысты ұйымдарының объектілеріндегі басқа санаттарға енгізілмеген басқа да электр жабдықтарын жөндеу және техникалық күтім жасау;

16) жеке меншігіндегі жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару;

17) басқа да сымды телекоммуникациялық байланыс;

18) кең сұрыпталымды тауарлар саудасы бойынша агенттердің қызметі;

19) металл сынықтары мен қара және түсті металл қалдықтарының көтерме саудасы.

2. Қоғам «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүйелік оператор функциясын атқарады.

### **5-бап. Қоғамның мүлкі және жарғылық капиталы**

1. Қоғам мүлкі:

1) акционердің акцияларға ақы төлеуге берген мүлкі;

2) өз қызметі нәтижесінде алынған кірісі;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге мүлік есебінен қалыптастырылады.

2. Қоғамның жарғылық капиталын арттыру Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Жарғылық капитал ұлттық валютада беріледі.

### **6-бап. Қоғамның акциялары және басқа бағалы қағаздары**

1. Қоғам тек жай акцияларды ғана шығарады. Қоғамның акциялары құжатсыз нысанда шығарылады.

2. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарын пайдаланады.

3. Жай акция оны иеленетін акционерге дауыс беруге шығарылған барлық мәселелерді шешкен кезде Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығымен қатысу құқығын, Қоғамда таза кіріс болған жағдайда дивидендтер алу, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте таратқан жағдайда Қоғам мүлігінің бөлігін алу құқығын және Қазақстан

Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа да құқықтарды береді.

4. Қоғамда «алтын акция» енгізілуі мүмкін.

5. Қоғам басқа бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Бұл акцияларды шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен белгіленеді.

### **7-бап. Акционерлердің құқықтары мен міндеттері**

1. Қоғамның акционері құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғамның дауыс беруші акцияларының 5 (бес) және одан көп пайызын өзі жеке немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленетін жағдайда Директорлар кеңесіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу туралы ұсыныс жасауға;

3) дивидендтер алуға;

4) Акционерлердің жалпы жиналысы немесе осы Жарғыда анықталған тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептемесімен танысуға;

5) орталық депозитарийден немесе атаулы ұстаушыдан оның Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;

6) Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесіне тағайындау үшін кандидатура ұсынуға;

7) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

8) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 және 74-баптарында көзделсе, Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірлесе иеленген жағдайда Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген залалдарды өтеу және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Қоғамға ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүддесі бар мәмілелерді жасау (жасауға берілген ұсыныстар) туралы шешім қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) қайтарып беру туралы талап қоя отырып, өз атынан сот органдарына жүгінуге;

9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұратумен өтініш білдіруге және Қоғамға сұраныс түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;

10) Қоғамды таратқан кезде мүліктің бөлігіне;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіпте акцияларды артықшылықты сатып алуға;

12) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген тәртіпте Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрлерін

өзгерту туралы Акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылдауына қатысуға;

13) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және өз құзыретіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқығы бар.

2. Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетінше немесе басқа акционерлермен бірге иеленетін акционерлер бір мезгілде мынадай шарттар болған жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының жекелеген мүшесінің жыл қорытындылары бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға құқылы:

Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғам Басқармасының осы мүшесі не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғамның акционерлерін қасақана жаңылыстыру фактісін соттың анықтауы;

егер Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғам Басқармасының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғам шығындарының туындауына әкеп соқтырғаны дәлелденсе.

3. Сонымен қатар ірі акционер:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, жиналысты шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) Қоғамға өз қаражаты есебінен аудиторлық ұйымның аудит жүргізуін талап етуге.

4. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Қоғам акционерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

5. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптарды орындау Акционерлердің жалпы жиналысын шақыратын тұлғалар немесе органдар үшін міндетті болып табылады.

6. Қоғам акционері міндетті:

1) Акцияларға ақы төлеуге;

2) 10 (он) күн ішінде Қоғамның орталық депозитарийін және (немесе) аталған акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушыларын Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны қамтитын ақпаратты жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

7. Қоғам, орталық депозитарийі және (немесе) атаулы ұстаушысы акционердің осы баптың 5-тармағы 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауы салдары үшін жауапты болмайды.

## **8-бап. Қоғамның акцияларын артықшылықты сатып алу құқығы. Қоғамның акцияларын орналастыру**

1. Қоғам жарияланған акцияларды орналастырған кезде, сонымен қатар бұрын сатып алынған акцияларды сатқан жағдайда бұл туралы шешім қабылданған күннен кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өз акционерлеріне бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептеме туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есептеме депозитарийінің (бұдан әрі – қаржылық есептеме депозитарийі) интернет-ресурсында және Қоғамның корпоративтік сайтында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау немесе жазбаша хабарлама жіберу арқылы Акционерлердің жалпы жиналысы белгілеген орналастыру (сату) бағасы бойынша оларда бар акциялардың санына шамалас теңдей жағдайда акция сатып алуды ұсынады.

Акционер Қоғам акцияларды орналастырғаны/сатқаны туралы хабарлаған күннен кейін 30 (отыз) күн ішінде артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес акцияларды сатып алуға өтінім беруге құқылы.

Артықшылықты сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акцияларға төлемақыны акционер оларды сатып алуға өтінім берген күннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізеді.

2. Қоғам акционерлерінің Қоғамның акцияларын артықшылықты сатып алу құқығын іске асыру тәртібі және одан бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

3. Қоғамның акциялары оларды мемлекеттік тіркегеннен кейін жарияланған акциялар саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастырылады.

Қоғамның акцияларын оның акцияларының саны шегінде орналастыру туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Қоғамның акцияларын орналастыру «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда акцияларды артықшылықты сатып алу, жазылу құқығын немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өткізілетін аукционды іске асыру арқылы және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілетін аукционды немесе жазылымды іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

Аукциондарды немесе жазылымды жүргізу талаптары мен тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленеді және орналастырылатын акцияларды сатып алуға ниетті инвесторларға қойылатын талаптардан тұрады.

4. Хабарламада/жарияланымда орналастырылатын/сатылатын акциялар саны мен түрлері (соның ішінде, акцияларды сатып алудың артықшылықты құқығын жүзеге асырған жағдайда оларды орналастыру/Қоғамның акционерлеріне сату), әрбір акционер сатып алуға құқылы акциялар санын белгілеу тәртібі, бұл құқықтың қолданылу және оны жүзеге асыру мерзімі және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ақпарат туралы мәлімет болуы тиіс.



## **9-бап. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесі**

1. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін орталық депозитарий жүргізеді.

2. Қоғам мен орталық депозитарий арасындағы қарым-қатынас шартпен реттеледі.

3. Қоғам сатып алған акциялар туралы мәліметтер Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне міндетті түрде енгізілуі тиіс.

4. Акциялар бойынша құқықтарын растау орталық депозитарийді есепке алу жүйесінде және (немесе) атаулы ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді көшірме беру арқылы жүзеге асырылады.

5. Орналастырылатын акцияларға толығымен ақы төлегенге дейін Қоғам Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінде оларды сатып алушының жеке шотына аталған акцияларды есепке қою туралы бұйрық беруге құқығы жоқ.

## **10-бап. Қоғам орналастыратын акцияларға ақы төлеу**

1. Қоғам орналастыратын акциялардың бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте белгіленеді.

2. Қоғамның орналастыратын акцияларына ақы төлеу үшін ақша, мүлік құқықтары (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне берілген құқықтар) және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа да мүліктер енгізілуі мүмкін.

Қоғамның акцияларын ақшадан басқа, мүлікпен төлеу (бағалы қағаздарды қоспағанда) бағалаушы анықтайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

Қор биржасында айналымдағы бағалы қағаздармен Қоғамның орналастырылған акцияларына ақы төлеу қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес қор биржасы белгілейтін нарықтық баға бойынша жүзеге асырылады. Акцияларға ақы төлеуге енгізілетін бағалы қағаздардың түрлеріне қатысты аталған әдістеме бойынша қор биржасы есептеген, осындай бағалы қағаздардың нарықтық бағасы болмаған жағдайда, оларды құны бойынша бағалауды бағалаушы жүзеге асырады.

Осы тармақтың екінші абзацының талаптары Қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда Қоғамның орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге қолданылмайды.

3. Егер Қоғамның орналастырылған акцияларын төлеу үшін мүлікті пайдалану құқығы енгізілген болса, мұндай құқықты бағалау Қоғам пайдаланған бүкіл мерзім ішінде осы мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы мөлшеріне сүйене отырып жүргізіледі. Көрсетілген мерзім өткенге дейін Акционерлердің жалпы жиналысының келісімінсіз осындай мүлікті алып алуға тыйым салынады

4. Акцияларды орналастырған кезде Қоғамға:

1) орналастырылатын акцияларды сатып алуға;

2) олардың талаптарымен (олардың шығару шарттарымен) эмитенттің орналастырған акцияларын сатып алуға эмитенттің құқығын немесе міндетін

көздейтін (туынды бағалы қағаздарды сатып алуға) шарттар жасауға тыйым салынады.

## **11-бап. Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және дивидендтері**

1. Қоғамның таза кірісі Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіппен белгіленеді. Таза кірісті бөлу Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның қаржылық есептемесін бекіткеннен соң жүзеге асырылады.

Қоғамның таза кірісі салықтар мен басқа да бюджетке міндетті төлемдерді төлеген соң Қоғамның иелігінде қалады. Оның бір бөлігі акционерлер арасында дивидендтер түрінде бөлінеді, қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен көзделген басқа да мақсаттарға бағытталады.

2. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер тек дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беруші акцияларының жай көпшілігімен қабылданған жағдайда, ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

Егер төлем акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда Қоғамның жарияланған акциялары және (немесе) шығарылған облигацияларымен жүзеге асырылған болса Қоғам акциялар бойынша төлемдерді Қоғамның бағалы қағаздарымен төлейді.

Дивидендтер алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалады.

Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында және (немесе) акцияларды иеліктен айыру туралы шартта басқасы көзделмеген болса, төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен айыру акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

3. Қоғам жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуді жарты жылда бір рет немесе жыл қорытындысы бойынша жариялауға құқылы.

4. Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеу төлем агенті арқылы жүргізілуі мүмкін. Төлем агентінің қызметіне ақы төлеу Қоғам қаржысы есебінен жүргізіледі.

5. Қоғамның орналастырылмаған немесе Қоғам сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

6. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге мына жағдайларда жол берілмейді:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай болса не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болған болса;

3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасындағы заңдармен көзделген жағдайларда.

7. Қоғам дивидендтердің Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес уақтылы төленуі үшін жауапты.

8. Акциядан басқа да Қоғамның бағалы қағаздары бойынша кірісті төлеу Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қоғамның бағалы қағаздар шығарылымы проспектісіне сәйкес жүргізіледі.

## **12-бап. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер**

1. Жартыжылдық немесе жыл қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен және тиісті кезеңге Қоғамның қаржылық есептемесіне аудит жүргізілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының жарты жылдың немесе жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивидендтің мөлшері көрсетіледі.

Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын қабылдайды.

Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейтіні туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

3. Жай акциялар бойынша дивидендтер Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен кешіктірілмей төленуі тиіс.

Қоғамда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде акционердің жаңартылған деректері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер мемлекеттік рететуді, қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген мерзімде және тәртіпте талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарий шотына төленеді.

## **13-бап. Орналастырылған акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша сатып алу**

1. Орналастырылған акциялар Қоғамның бастамасы бойынша акционердің келісімімен мына мақсатта сатып алынуы мүмкін:

- 1) сатып алынған акцияларды қайта бөлу;
- 2) дивидендтік төлемдерді азайту;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да мақсатта.

Орналастырылған акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша сатып алу Қоғамның акцияларын қор биржасында ашық суда-саттық тәсілімен сатып алған жағдайды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен Қоғам сатып алған жағдайда акциялардың құнын белгілеу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

2. Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында басқасы белгіленбеген болса, сатып алу Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі.

Акцияларды сатып алу туралы шешімде әрбір түрдегі сатып алынатын акциялардың түрі, саны, сатып алу бағасы, төлем жүргізу нысаны мен мерзімі, сонымен қатар акциялар сатып алынатын, 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем болмауы тиіс мерзім көрсетіледі.

3. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқығы жоқ.

4. Егер Қоғамның бастамасы бойынша оның орналастырылған сатып алынатын акцияларының саны жалпы көлемінен 1 (бір) пайыздан асатын болса, акцияларды сатып алу-сату мәмілелерін жасағанға дейін Қоғам осындай сатып алу туралы өз акционерлеріне хабарлауға міндетті.

Қоғамның хабарландыруында сатып алынатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі туралы және оларды сатып алу талаптары туралы мәлімет болуы тиіс және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және Қоғамның корпоративтік сайтында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

5. Егер Қоғамның орналастырылған, оның акционерлері сатып алуға мәлімдеген акцияларының саны Қоғам сатып алуға жариялаған акциялар санынан асатын болса, онда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына шамалас мөлшерде сатып алынады.

#### **14-бап. Орналастырылған акцияларды Қоғам акционерінің талап етуі бойынша сатып алу**

1. Қоғам орналастырылған акцияларды сатып алуды Қоғам акционерінің талап етуі бойынша жүргізуі тиіс, бұндай талап «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағында белгіленген жағдайларда қойылуы мүмкін.

2. Қоғамның орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алуы Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында сатып алған жағдайда акциялар құнын белгілеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Акционер осы баптың 1-тармағында көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап немесе сауда-саттықты ұйымдастырушы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде Қоғамға Басқарма атына жазбаша өтініш жолдау арқылы оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қоюға құқылы.

Аталған өтінішті алғаннан күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қоғам акционерден акцияларды сатып алуға міндетті.

4. Егер Қоғамның орналастырған, акционерлер сатып алуға мәлімдеген акцияларының саны Қоғам сатып алуы мүмкін акциялар санынан асатын болса, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына шамалас сатып алынады.

### **15-бап. Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу бойынша шектеулер**

1. Қоғам сатып алған және сатып алатын орналастырылған акцияларының жалпы саны орналастырылған акциялардың жалпы санының 25 (жиырма бес) пайызынан аспауы тиіс, ал Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу шығыстары оның меншік капиталы мөлшерінің 10 (он) пайызынан аспауы тиіс:

1) акционердің талап етуі бойынша сатып алған жағдайда - мына күнгі жай-күй бойынша:

Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 1), 1-1) және 3) тармақшаларында көрсетілген шешімдерді қабылдауы;

сауда-саттықты ұйымдастырушының Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдауы;

ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдауы;

2) Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алған кезде – Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі жай-күй бойынша.

2. Қоғам сатып алған акциялар Акционерлердің жалпы жиналысында кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және онда дауыс беруге қатыспайды.

### **16-бап. Қоғам органдары**

1. Қоғам органдары:

1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – Басқарма төрағасы басқаратын Басқарма.

2. Қоғамда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес басқа да органдар құрылуы мүмкін.

### **17-бап. Акционерлердің жалпы жиналысы**

1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы жыл сайын өткізіледі. Акционерлердің басқа да жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталған соң 5 (бес) айдан кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі. Есептік кезеңде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып саналады.

2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептемесі бекітіледі;
- 2) Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері анықталады;
- 3) акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне қатысты өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселелер қарастырылады.

3. Директорлар кеңесінің төрағасы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

1) Директорлар кеңесінің, Басқарманың барлық мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының және қажет болған жағдайда Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басшыларының қатысуын қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы акционерлерді хабардар етеді;

3) акционерлерге Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары, Директорлар кеңесінің Қоғамның ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуы бойынша қабылдаған шаралары, тәуекелдің негізгі факторлары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстардың саны, отырыстардың нысаны, сабаққа қатысу, сондай-ақ басқа да маңызды ақпарат көрсетілетін Директорлар кеңесінің есебін ұсынады. Директорлар кеңесінің есебі Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізіледі.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

## **18-бап. Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыреті**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамның Корпоративтік кодексін, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) басымдықпен сатып алу құқығын қолданбай Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;

4) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

5) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланбаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

6) жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде олардың орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

7) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

8) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

9) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін белгілеу;

10) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай бөлшектеудің шарттарын, мерзімдерін және тәртібін белгілеу;

11) мемлекеттік емес облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын белгілеу;

12) Есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

13) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелері мен төрағасын тағайындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін төленетін сыйақы мен өтемақы мөлшерін және оларды төлеу талаптарын белгілеу;

14) Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын біліктілік өлшемдерін бекіту;

15) Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және сайлау қағидаларын бекіту;

16) Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларын бекіту;

17) Директорлар кеңесінің мүшелерімен жасалатын үлгі шартты бекіту;

18) Басқарма төрағасын тағайындау (сайлау) және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Басқарма төрағасының өкілеттік мерзімін белгілеу;

19) Басқарма төрағасын тағайындау (сайлау) және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту;

20) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу;

21) Қоғамның аудиттелген жартыжылдық және жылдық қаржылық есептемесін бекіту;

22) есептік қаржылық жылдың бірінші жартыжылдығындағы және есептік қаржылық жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;

23) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

24) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

25) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның басқа да заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы немесе басқа да заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығару туралы шешім қабылдау;

26) Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге жіберілетін хабарлама нысанын белгілеу;

27) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғам акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын белгілеу әдістемесін (соның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу) бекіту;

28) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

29) «алтын акцияны» енгізу және жою;

30) Қоғамның оның нәтижесінде Қоғам Қоғамның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен 50 (елу) және одан да көп пайызы иеліктен айырылатын (айырылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күнге құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен 50 (елу) және одан көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен айыратын (иеліктен айыруы мүмкін) ірі мәмілелерді жасауы туралы шешім қабылдау;

31) Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту;

32) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

33) Дивидендтік саясат туралы ережені бекіту;

34) Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, күші жойылды деп тану, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысы бұрын қабылдаған шешімдерді өзгерту/жою;

35) қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің шекті және нысаналы мәндерін белгілеу және (немесе) қайта қарау;

36) олар бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

2. Осы баптың 1-тармағының 2) - 4), 27) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілік даусымен қабылданады.

Осы баптың 1-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Қоғамның осы баптың 1-тармағының 1), 4) - 6), 24) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдауға құқығы жоқ.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның басқа органдарына, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне берілмейді.



4. Егер осы Жарғыда басқасы белгіленбесе, Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

### **19-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізуге дайындық тәртібі**

1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын ірі акционердің бастамасы бойынша шақыру мен өткізу ерекшеліктері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

2. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді Басқарма, Қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий, Директорлар кеңесі, тарату комиссиясы жүзеге асыра алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде басқасы көзделмесе, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды Қоғам көтереді.

3. Акционерлердің жалпы жиналысында өздеріне тиесілі акцияларды толығымен төлеген акционерлер ғана қатысып, дауыс бере алады.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін орталық депозитарий Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде жасайды. Аталған тізімді жасау күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешімді қабылдау күнінен бұрын белгіленуі мүмкін емес.

4. Акционерлердің жалпы жиналыстарының барлығы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдайтын Акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда, Басқарманың орналасқан жерінде өткізіледі.

5. Қоғамның акционерлері күндізгі тәртіпте өткізілетін, Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, қашықтықтан өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының отырысына қатысуға құқылы.

6. Акционерлерге қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және Қоғамның корпоративтік сайтында қазақ және орыс тілдерінде хабарлама жариялау арқылы алдағы уақытта Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарланады.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаның мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасында және Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережеде айқындалады.

7. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын өткізу акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) жалпы жиналысын өткізудің белгіленген күнінен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысы өткізілетін жерде өткізіледі.

Акционерлердің қайталама жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі тиіс.

8. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және оларды әртүрлі түсіндіру мүмкіндігін болдырмайтын талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуы тиіс. Күн тәртібінде «әртүрлі», «басқасы», «басқалары» деген сөздерді және оларға ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, кеңінен түсіндірілетін тұжырымдарды қолдануға тыйым салынады.

Күндізгі тәртіппен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы ашылған кезде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту туралы алған ұсыныстары туралы баяндауға міндетті.

Күн тәртібін бекіту Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

9. Акционерлердің күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне мыналар енгізілуі мүмкін:

1) Қоғамның акционерлері осындай толықтырулар туралы Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін кем дегенде 15 (он бес) күн ішінде хабардар етілген жағдайда дербес түрде немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беруші акцияларының 5 (бес) және одан көп пайызын иеленетін акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар;

2) егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және Қоғамының дауыс беруші акцияларының жиынтықтап алғанда кем дегенде 95 (тоқсан бес) пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізуге дауыс беруі өзгерістер және (немесе) толықтырулар.

10. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, сонымен қатар Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын (өткізілмегеннің орнына) өткізген кезде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды.

11. Акционерлердің жалпы жиналысының жиналыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

12. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген талаптарға сәйкес әзірленеді.

## **20-бап. Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысының кворумы**

1. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте (Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген кезде барлық бюллетеньдер берілген күні немесе кезінде бюллетеньдер беру мерзімі аяқталған күні) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Қоғамның акционерлері тізіміне енгізілген, Қоғамның дауыс беруші акцияларының (жиналыс өткізілген сәтке сырттай дауыс беру құқығы бар) жиынтықтап алғанда 50 (елу) және одан көп пайызын иеленетін акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарауға және солар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

2. Өткізілмеген жиналыстың орнына өткізілетін Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы күн тәртібі мәселелерін қарауға және солар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

1) кворум болмауы себепті өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) тіркеу аяқталған сәтте оған Қоғамның дауыс беруші акцияларының 40 (қырық) және одан да көп пайызын (жиналыс өткізілген сәтте дауыс беруге құқығы бар) иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), сонымен қатар сырттай дауыс беретін акционерлер (немесе олардың өкілдері) қатысу үшін тіркелген болса.

3. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберген жағдайда, аталған бюллетеньдермен ұсынылғандар және Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылар тіркелген сәтте алғандар кворумды анықтаған және дауыс беру қорытындысын шығарған жағдайда есепке алынады.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру жолымен өткізген кезде кворум болмаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

## **21-бап. Есеп комиссиясы**

1. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында тағайындалады және құрамында кем дегенде 3 (үш) адам болуы тиіс.

2. Есеп комиссиясының функциялары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленеді. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Есеп комиссиясының функциялары орталық депозитарийге жүктелуі мүмкін.

3. Басқарма мүшелері Есеп комиссиясының құрамына кіре алмайды.

4. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді.

## **22-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында өкілдік ету**

1. Акционер өзі жеке немесе акционердің өзі үшінші тұлғаға немесе атаулы ұстаушылардың өкілдеріне берген сенімхат бойынша өзінің өкілі арқылы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселе бойынша дауыс беруге құқылы.

Басқарма мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Осындай өкілдік ету Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаудан тұратын сенімхатқа негізделген жағдайды есепке алмағанда, Қоғам қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

2. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

## **23-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын күндізгі тәртіппен өткізу реті**

1. Күндізгі тәртіппен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркеуден өтеді. Акционердің өкілі оның Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсынуы тиіс.

Аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдайтын Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы анықталған кезде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлердің өкілдерінің) бюллетендері есепке алынады.

Күндізгі тәртіппен өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысына келген Акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Күндізгі тәртіппен өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен басқасы белгіленбеген болса, Акционерлердің жалпы жиналысында акционер болып табылмайтын басқа тұлғалар шақырусыз қатыса алмайды. Осындай тұлғаларға Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша беріледі. Бұл ереже акционерлерге жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша қажетті ақпарат пен қосымша материалдар беру мақсатында Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған Қоғамның қызметкерлеріне қолданылмайды.

2. Егер бұрын дауыс беру үшін бюллетень жіберген акционер аралас дауыс беру тәртібі қолданылатын Акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беру және қатысу үшін келген болса, оның бұрын жіберген бюллетені

Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтаған және күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыстарды есептеген кезде есепке алынбайды.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп қойған, хабардар етіліп, жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы емес болған жағдайларды есепке алмағанда, бұрын жарияланған уақыттан ерте ашылмайды.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасын (төралқаны) және хатшысын сайлауды жүргізеді. Төрағаның (төралқаның) және хатшының құқықтары мен міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудің ашық немесе құпия (бюллетендер бойынша) нысанын белгілейді. Төрағаны (төралқаны) және хатшыны тағайындау мәселесі бойынша дауыс берген кезде әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысып отырғандар санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

Басқарма мүшелері жиналысқа қатысып отырғандардың барлығы Басқармаға кіретін жағдайды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

5. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелерін қарап болғаннан соң және олар бойынша шешім қабылданғаннан кейін жабық деп жариялануы мүмкін.

## **24-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізбестен қолданылуы мүмкін.

2. Сырттай дауыс беру өткізілген кезде бірыңғай нысандағы дауыс беру бюллетендері акционерлердің тізіміне кіретін тұлғаларға таратылады.

3. Сырттай дауыс беру кезінде акционерлерінің саны жүз және одан да көп қоғамда Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге жариялайды.

4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыруға бастамашылық жасаушы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді ұсынудың соңғы күні;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының жабылу күні;

- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- б) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақтар болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелерді тиянақтап жазу;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «жак», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру;
- 10) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа да мәліметтер.

5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға болып табылатын акционер (акционердің өкілі - жеке тұлға) аталған тұлғаның жеке басын куәландырушы құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционердің өкілі қол қойған жағдайда сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге сенімхаттың немесе акционердің өкілінің өкілеттігін куәландырушы басқа да құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционердің өкілі қол қойған жағдайда сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге сенімхаттың немесе акционердің өкілінің өкілеттігін куәландырушы басқа да құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке тұлға болып табылатын дауыс беруші акционердің немесе заңды тұлға болып табылатын басшы акционердің немесе заңды тұлға болып табылатын акционердің өкілінің қолынсыз бюллетень жарамсыз болып есептеледі.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетеньде белгілеген дауыс беру тәртібі сақталған мәселелер бойынша және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы белгіленген дауыстар есепке алынады.

## **25-бап. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру**

1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру келесі жағдайларды қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілген акциялар бойынша берілген дауыстың ең көп саны шектелген;

2) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлаған кезде кумулятивтік дауыс берген;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әр тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша кворум белгіленеді.

Сырттай/аралас дауыс беруді жүргізу ерекшеліктерін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілері, осы Жарғы және Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ереже белгілейді.

2. Дауыс беру қорытындылары бойынша Есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама әзірлейді және оған қол қояды. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалғаннан және оған қол қойылғаннан кейін толтырылған дауыс беру бюллетеньдері дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен бірге тігіледі және осы Жарғының 26-бабының 4-тармағына сәйкес сақталады.

3. Дауыс беру қорытындылары өткізілу барысында дауыс беру жүргізілген Акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

Акционерлердің дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің жиналысы жабылғаннан кейін қаржылық есептеменің депозитарийінің интернет-ресурсында орыс және қазақ тілдерінде және Қоғамның корпоративтік веб-сайтында дауыс беру қорытындылары туралы есеп жариялау немесе Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде әр акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің назарларына жеткізіледі.

## **26-бап. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей рәсімделіп, қол қойылады және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күні, орны мен уақыты;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәлімет;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) мен хатшысы туралы деректер;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөз сөйлеуі;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлер дауыстарының жалпы саны;
- 10) Дауыс беруге қойылған мәселелер, солар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес өзге де мәліметтер.

Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында Директорлар кеңесінің

таңдалған мүшесі қай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

2. Күндізгі тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына төраға (төралқа мүшелері), Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы, Есеп комиссиясының мүшелері қол қояды.

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына Есеп комиссиясының мүшелері қол қояды.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген тұлғалардың біреуі Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының мазмұнымен келіспеген жағдайда, осы тұлға бас тарту себебіне Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы.

4. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығына берілген сенімхатпен, Хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептері көрсетілген жазбаша түсініктемелермен бірге тігіледі. Бұл құжаттар Қоғамның коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын басқа да құпияларын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтай отырып, хаттамалар кітабына тігіледі, оларды Басқарма сақтайды және акционерлерге кез-келген уақытта танысу үшін беріледі. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

## **27-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі**

1. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді, Қоғамды стратегиялық басқаруды және Басқарманың қызметін бақылауды қамтамасыз етеді.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңінде сыйақы төленеді және олардың Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты шығыстар өтеледі. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

3. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:



1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, сонымен қатар Қоғамның даму стратегиясын бекіту және оның іске асырылуын мониторингтеу;

2) Іс-шаралар жоспарын (Бизнес-жоспарды) бекіту, Іс-шаралар жоспарының (Бизнес-жоспардың) орындалуына мониторинг жүргізу, Іс-шаралар жоспарының (Бизнес-жоспардың) орындалуы бойынша есептерді қарау;

3) Инвестициялық шешімдердің параметрлерін бекіту (тиімділік көрсеткіштері, қаржыландыру, келесі сатыға өту) және ірі және елеулі инвестициялық жобалардың іске асырылуын мониторингтеу;

4) дамудың қаржылық бағдарламасын бекіту және оны іске асыру жөніндегі есепті қарау;

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау, облигациялық бағдарламаны бекіту және Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы туралы ереже;

7) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

8) Қазынашылық портфелінің негізгі параметрлерін бекіту;

9) Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту және қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің нысаналы және шекті мәндерінің сақталуы туралы есепті қарау;

10) қарызды және қаржылық тұрақтылықты басқару аймағын айқындау;

11) Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау және шығаруды қамтамасыз ету;

12) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын белгілеу;

13) жартыжылдық және жылдық қаржылық есептемені алдын ала бекіту, аралық қаржылық есептемені мақұлдау;

14) Акционерлердің жалпы жиналысына есепті қаржы жылының бірінші жартыжылдығындағы және есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар беру;

15) Қоғамның жылдық есебін және тұрақты дамуы туралы есепті бекіту;

16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;

17) Қоғамның басқа да заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы немесе осы Жарғының 18-бабы 1-тармағы 25) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыс ету (алу) жолымен басқа заңды тұлғаның құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

19) басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызын сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау;

20) мыналарды жасасу туралы шешім қабылдау:

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 17-1-тармақшасына сәйкес оларды бекіту туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәміле жасасу;

- «Самұрық - Қазына» АҚ Директорлар кеңесі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына немесе осы Жарғыға сәйкес белгіленген тәртіпте шешім қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасасу;

21) «Самұрық - Қазына» АҚ компаниялар тобына кіретін ұйымдармен жасалуында Қоғамның мүддесі бар, соның (солардың) нәтижесінде құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің 5 (бес) және одан көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алынатын немесе иеліктен айыратын (сатып алынуы немесе иеліктен айыруы мүмкін) мәміле жасау туралы шешім қабылдау;

22) Қоғамның құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

23) Қоғамның міндеттемелерін өз меншік капиталының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын шамаға арттыру туралы шешім қабылдау;

24) Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

25) Директорлар кеңесі комитеттерін құру және мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағасы мен мүшелерін сайлау, Комитеттер туралы ережелерді бекіту;

26) Аға тәуелсіз директорды сайлау (қайта сайлау), оның өкілеттік мерзімін айқындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

27) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту, жылдық есепке енгізілетін Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы туралы есепті әзірлеу;

28) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, Корпоративтік хатшының қызметіне бағалау жүргізу тәсілін бекіту, оның нәтижелерін қарау және осындай бағалау нәтижелері бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту;

29) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға кіріспе бағдарламасын, Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру жоспарын және Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығы жоспарын бекіту;

30) Қоғамның пул менеджментін бекіту;

31) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма мүшелерінің (Басқарма төрағасынан басқа) сайлау, қайта сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарма туралы ережені бекіту;

32) Басқарма төрағасы мен мүшелері үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;

33) есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша қызметті бағалауды бекіту, сыйақы төлеу/төлемеу туралы шешім қабылдау, Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

34) Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне, Комплаенс-офицерге, Омбудсменге және Корпоративтік хатшыға сыйақы беру туралы шешім қабылдау, сыйақы беру мөлшері мен шарттарын бекіту;

35) Басқарма төрағасы мен мүшелері қызметінің уәждемелік қызметтің негізгі көрсеткіштерінің орындалуына мониторинг жүргізу, олардың аралық нәтижелерін қарау, Басқарма төрағасы мен мүшелеріне қатысты тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

36) Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне, Комплаенс-офицерге, Омбудсменге және Корпоративтік хатшыға басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

37) Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау және сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, штаттық кестесін, Ішкі аудит қызметі туралы ережені, олардың мақсаттар карталарын, Ішкі аудит қызметінің стратегиялық және жылдық жұмыс жоспарын бекіту, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне қатысты тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

38) Комплаенс-офицерді (Комплаенс-офицер қызметінің қызметкерлерін), Омбудсменді және Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, олар туралы ережелерді, олардың мақсаттар карталарын бекіту, қызметі туралы есептерді және олардың қызметін бағалау нәтижелерін қарау, Комплаенс-офицерге (Комплаенс қызметінің қызметкерлеріне), Омбудсменге және Корпоративтік хатшыға қатысты тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

39) шығыстардың жекелеген түрлерінің лимиттерін және тиістілік нормаларын бекіту;

40) Басқарма төрағасының, мүшелерінің, Басқарма төрағасының лауазымына қатысты төмен тұрған басқару деңгейінің басқадай лауазымдардың (Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің ұсынымы бойынша), Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, Комплаенс-офицердің, Омбудсменнің және Корпоративтік хатшының лауазымдарын сипаттауды, лауазымдарын бағалауды бекіту;

41) Ішкі аудит қызметінің тәуелсіз сыртқы бағалауының нәтижесін қарау;

42) Атқарушы дирекция қызметкерлерінің жалпы санын және ұйымдық құрылымын бекіту;

43) Қоғамның сыртқы аудит жөніндегі саясатын, есеп саясатын бекіту;  
44) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Акционерлердің жалпы жиналысы мен Басқарма бекітетін құжаттарды қоспағанда), соның ішінде:

- Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін;
- Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу және аукциондар өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін;
- Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс-офицердің, Омбудсменнің және Корпоративтік хатшының қызметін реттейтін;
- тұрақты дамуды басқару жүйесін реттейтін;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін реттейтін;
- тәуекелдер бойынша лимиттерді белгілеу тәртібін реттейтін;
- мүдделер қайшылығы мен корпоративтік қақтығыстарды реттеу бойынша;

- Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, Корпоративтік хатшының қызметін бағалау бойынша;

- Қоғам акцияларын (қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама иеленетін Қоғамның және заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін реттейтін (қайта құрылымдау, қайта ұйымдастыру, тарату, сатып алу және/немесе иеліктен шығару, сенімгерлік басқаруға беру, ауыртпалық салу/жасау және т. б. мәселелерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей);

45) Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіліген құжаттарға өзгерістерді және толықтыруларды бекіту, олардың күші жойылды деп тану, сондай-ақ Директорлар кеңесі бұрын қабылдаған шешімдерді өзгерту/жою;

46) Мінез-құлық кодексін бекіту;

47) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуді қамтамасыз ету, олардың нәтижелерін қарау;

48) мына құжаттарды бекіту:

- тәуекелдер тізілімі;
- тәуекелдер картасы;
- негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- риск-тәбет;
- төзімділік деңгейлері;
- негізгі тәуекелдер бойынша негізгі тәуекел көрсеткіштері;
- ірі акционер мен Қоғам құжаттарының талаптарына сәйкес лимиттер;
- тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептер;

49) корпоративтік басқарудың тиімділігін бағалау, тұрақты және корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарларды және/немесе бағдарламаларды бекіту және оларды іске асыру туралы есептерді қарау;

50) корпоративтік дауларды реттеуді жүзеге асыру;

51) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

52) стратегиялық емес активтердің тізбесін, стратегиялық емес активтерді шығарудың жол картасын бекіту;

53) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық, инсайдерлік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

54) Шешімін Директорлар кеңесі қабылдайтын және Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын мәселелердің тізбесін бекіту және осындай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

55) Қазақстан Республикасының заңнамасында және / немесе осы Жарғыда көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

5. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

6. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі ықтимал мүдделер қайшылығын, соның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және оларды жасалуында мүдделік бар мәмілелерді жасау кезінде асыра пайдаланушылықты бақылауы және мүмкіндігінше болдырмауы;

2) Қоғамда корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жүргізуі тиіс.

7. Директорлар кеңесі жыл сайын өз жұмысына, Комитеттерінің жұмысына, Директорлар кеңесінің әр мүшесінің жұмысына ресми және жан-жақты бағалау береді және оның нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады.

## **28-бап. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері**

1. Мәселелерді аса терең және сапалы пысықтау мен Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері құрылады:

1) аудит;

2) тағайындаулар мен сыйақылар;

3) стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару.

Басқа да комитеттер Директорлар кеңесінің қалауы бойынша құрылады.

2. Комитеттердің құрамына комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреті мен дағдылары бар, дауыс беру құқығы жоқ Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар кіреді. Комитеттер құрамын құрған кезде ықтимал мүдделер қайшылығының болуы назарға алынуы тиіс.

3. Комитеттердің төрағалары комитеттің жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін кәсіби құзыреттерімен қатар, ұйымдастырушылық және көшбасшылық қабілеттерге, жақсы коммуникативтік дағдыларға ие болуы тиіс.

4. Комитеттердің функциялары, өкілеттігі, құрамы және комитеттердің қызметін ұйымдастыру процесі, Директорлар кеңесі бекітетін тиісті ережелерде регламенттеледі.

5. Комитеттердің отырыстарына Комитет төрағасы мен оның мүшелерінен басқа ешкімнің қатысуға құқығы жоқ. Басқа тұлғалардың Комитеттердің отырысына қатысуына тиісті комитеттің шақыруы бойынша ғана рұқсат етіледі.

6. Комитеттер өз жұмыс жоспарын жыл сайын құрады, оны Директорлар кеңесі жұмысының жоспарымен келіседі, қаралатын мәселелер тізбесі мен өткізілетін күні көрсетіледі. Комитеттердің отырысын өткізу мерзімділігі жылына 4 (төрт) отырыстан кем емес. Комитеттердің отырыстары хаттаманы ресімдей отырып, күндізгі, сырттай және аралас нысандарда өткізіледі. Комитеттердің отырыстарын өткізуге қолайлы жағдайлар жасау және шығындарды қысқарту мақсатында комитет мүшелерінің техникалық байланыс құралдары арқылы қатысуына жол беріледі.

7. Комитеттердің төрағалары комитеттің қызметі туралы есеп әзірлейді және жылдық қызмет нәтижесі туралы Директорлар кеңесінің алдында жеке отырыста есеп береді. Директорлар кеңесінің төрағасы комитеттерден ағымдағы қызметі туралы ақпарат ұсынуды талап етуге құқылы. Мұндай есепті әзірлену және ұсыну мерзімін Директорлар кеңесі белгілейді.

## **29-бап. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы**

1. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функциялардың орындалуын өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

2. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

3. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 7-11 адамды құрауы тиіс.

Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылған саны 30 (отыз) пайыздан кем емес, бірақ Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 (елу) пайызынан аспайтын санды құрайды.

4. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлауды Акционерлердің жалпы жиналысы анық және шынайы рәсімдер негізінде кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскери беделдерін және кәсіби тәжірибелерін есепке ала отырып жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе жаңа құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

5. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар сайланады. Тәуелсіз директор жеке акционерлердің, Басқарманың және басқа да мүдделі тараптардың ықпалынан еркін, тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилік пен тәуелсіздікке ие болуы тиіс.

Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде Қоғам мүддесіндегі және акционерлердің барлығына әділ көзқарасты және тұрақты даму

қағидаттарын есепке ала отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдерді қабылдауды қамтамасыз етуші дағдылар, тәжірибелер және білімдердің теңгерімі сақталуы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері және Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттардың тиісті жұмыс тәжірибесі, дағдысы, білімі, біліктілігі, позитивті жетістіктері және өз функцияларын орындау үшін қажетті іскери және салалық ортада мінсіз беделі болуы тиіс.

6. Мына тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) Акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған осындай заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдағанға дейінгі бір күнтізбелік жыл ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, атқарушы органның бірінші басшысы, бірінші басшының орынбасары, алқалы атқарушы органның мүшесі немесе басқа заңды тұлғаның бас бухгалтері лауазымын атқарған тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды. Мұндай адамның акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жыл ішінде Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

7. Директорлар кеңесінің мүшесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген жағдайларда тәуелсіз болып табылады.

8. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері, соның ішінде жаңадан сайланғандар, лауазымды ресми түрде атқарулары және өзінің кәсіби білімдері мен шеберліктерін тұрақты түрде жетілдірулері тиіс.

9. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның жылдық есебі құрамында ұсынылатын өз қызметі туралы есепте өзі тәуелсіз деп есептейтін Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін көрсетуі тиіс. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшесі шешімдер қабылдау кезінде тәуелсіз болып табылғандығын анықтауы, Директорлар кеңесі мүшесін тәуелсіз деп тану негіздерін көрсетуі, сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшесін осы баптың 7-тармағына сәйкес тәуелсіз деп тануға ықпал етуі мүмкін қарым-қатынастар мен жағдайлардың болуын көрсетуі тиіс.

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерінің, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының лауазымды адамдарының Директорлар кеңесіне қатысуына жол берілмейді.

### **30-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі**

1. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімімен сәйкес келеді және Директорлар кеңесінің жаңа

құрамы тағайындалатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген сәтте аяқталады.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар, қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда, осы баптың 4-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге қайта сайлана алады.

3. Тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 (алты) жылдан астам мерзімге сайлануы (мысалы, 2 (екі) үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуы тиіс.

4. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің құрамына 9 (тоғыз) жыл қатарынан сайлана алмайды. Айрықша жайларда 9 (тоғыз) жылдан артық мерзімге сайлануға жол беріледі, бұл ретте, осындай тәуелсіз директорды Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлану қажеттілігі мен осы фактордың шешімдерді қабылдану тәуелсіздігіне тигізетін әсерін толық түсіндіре отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

5. Бір де бір тұлға өздерін тағайындауға, сайлауға және қайта сайлауға байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауы тиіс.

6. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

7. Директорлар кеңесі есептік жылы отырыстардың 50%-ынан кеміне қатысқан және сырттай дауыс беруге қойылған мәселелердің 50%-ынан аз бюллетеньдер ұсынған Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға ұсыным жасауға міндетті.

8. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесі төрағасының не жалпы Директорлар кеңесінің атына жіберілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

9. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесіне жаңадан тағайындалған мүшенің өкілеттігі Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімінің өтуімен бір уақытта тоқтатылады.



### **31-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

1. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде:

1) лауазымға кіріспе бағдарламасынан өтуді талап етуге;  
2) Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді талап етуге;  
3) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;

4) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің бекітілген күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелерді талқылауға және отырыстарға қатысуға;

5) Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне белгіленген тәртіппен мәселелер енгізуге;

6) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпиядан тұратын ақпаратты алуға, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның барлық құжаттарымен танысуға;

7) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын құру бойынша жазбаша ұсыныстар енгізуге;

8) осы Жарғының 30-бабының 8-тармағында белгіленген тәртіппен жазбаша хабарлама жіберу арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

9) Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес сыйақы және Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты шығыстарына өтемақы алуға;

10) Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде өткізілетін түрлі іс-шараларға (форум, семинар, кездесулер және т.б.) қатысу, іскерлік қатынастарды орнату арқылы Қазақстан Республикасының тараптық ұйымдарымен, мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдарымен өзара қарым-қатынаста Қоғамның мүддесін білдіруге және Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге де іс-қимылдарды жүзеге асыруға;

11) Басқармадан, Ішкі аудит қызметінен, Комплаенс-офицерден, Омбудсменнен және Корпоративтік хатшыдан ақпаратты, мәлімдемелер мен түсіндірмелерді толық көлемде және уақытыл негізде алуға;

12) Қоғам қызметімен байланысты объектілерге баруға (іссапарға баруға) құқылы.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) өз міндеттерін тиісінше орындауға, Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Директорлар кеңесі туралы ережеде баяндалған талаптарды, адамгершілік қағидаттарын және іскерлік этика

ережелерін акционерлердің және тұтастай алғанда Қоғамның мүдделері үшін сақтай отырып, жауапкершілікпен, ақылмен және әділ әрекет етуге;

3) Қоғамның жай-күйіне мониторинг жүргізуге және басқа органдармен және Қоғамның лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланысты сақтауға;

4) өздері мүшелері болып табылатын Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстары мен жұмысына қатысуға;

5) өзінің қатыса алмау себептерін көрсете отырып, Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала ескертуге;

6) Директорлар кеңесімен оны басқа акционерлік қоғамның органына сайлау мүмкіндігін немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдау мүмкіндігін келісуге;

7) білімі мен дағдыларын жетілдіру жоспарын құруға қатысуға;

8) білімі мен дағдыларын тұрақты түрде жетілдіруге;

9) Директорлар кеңесі төрағасына 2 (екі) жұмыс күні ішінде нәтижесінде тәуелсіз директор болуды тоқтататындай жағдайдың өзгергені туралы хабарлауға міндетті. Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін бұл ақпаратты тез арада акционерлерге хабарлайды.

3. Директорлар кеңесінің мүшесі, соның ішінде мүдделер қайшылығына қатысты мына қағидалар мен талаптарды сақтауы тиіс:

1) шешім қабылдау кезінде олар бойынша мүддесі бар мәселелер бойынша дауыс бермеуі;

2) өзінің үлестестігі және ондағы өзгерістер туралы уақтылы хабарлауы;

3) Қоғаммен бәсекелес ұйымдарда құрылтайшы болмауы, органдарына қатыспауы;

4) шұғыл шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуге бастама жасауы;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылауы;

6) тәуелсіз директорлар мүдделер қайшылығы болуы мүмкін мәселелерді талқылаған кезде белсенді қатысуы тиіс (қаржылық және қаржылық емес есептемені әзірлеу, оларға қатысты мүдделелік бар мәмілелерді жасау, Басқарма құрамына кандидаттарды ұсыну, Басқарма мүшелеріне сыйақы белгілеу);

7) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген, Қоғамның қауіпсіздік режиміне және құпия, инсайдерлік ақпаратының сақталуына байланысты барлық ережелер мен рәсімдерді сақтауы тиіс.

### **32-бап. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы**

1. Директорлар кеңесінің төрағасын Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

2. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасау үшін жауапты. Директорлар кеңесінің өзінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және акционерлер, Директорлар кеңесі мен Басқарма арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің

отырыстарын шақырады, оларға төрағалық етеді, отырыстарда осы Жарғыда белгіленген тәртіппен хаттама жүргізуді ұйымдастырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуының өсуіне бейімделген, ішкі және сыртқы сын-тегеуріндерге уақтылы және тиісті деңгейде ден қоя алатын бірыңғай кәсіпқой мамандардың командасын құруға ұмтылуы тиіс.

3. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Аға тәуелсіз директор немесе Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

4. Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесіне басшылық етуге жауапты, оның жауапкершілік саласының барлық қырлары бойынша оның тиімді қызметін, акционерлермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді;

2) Қоғам атынан Басқарма төрағасымен еңбек шартын жасайды;

3) Басқарма төрағасына Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалатын лауазымдар бойынша белгіленген тәртіппен Қоғамға жұмысқа қабылдау үшін кандидатуралар ұсынады;

4) акционерлерге корпоративтік басқару кодексінің нормаларының сақталуы туралы ақпарат береді;

5) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлайды және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін қалыптастырады;

6) Корпоративтік хатшымен бірлесіп Директорлар кеңесі мүшелерінің дұрыс және нақты ақпарат алуын қамтамасыз етеді;

7) Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлес қосуын және Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма арасындағы сындарлы қатынастарды қамтамасыз етеді;

8) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің лауазымға кіріспе бағдарламасынан өтуін қамтамасыз етеді;

9) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізу процесіне және оның нәтижелері бойынша шаралар қабылдауға жауапты болады;

10) Директорлар кеңесінің назарын Директорлар кеңесі қарауы тиіс стратегиялық мәселелерді қарауға және ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді азайтуға аударуды қамтамасыз етеді;

11) күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты әрі түбегейлі қарау, талқылау үшін қажетті уақыт бөлу, ашық талқылауға ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Директорлар кеңесі отырыстарын өткізудің барынша нәтижелі болуын қамтамасыз етеді;

12) негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдаған кезде ірі акционермен консультациялар ұйымдастыруды қамтитын акционерлермен тиісті байланыспен өзара іс-қимылды құрады;

13) Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің тиісінше орындалуын мониторингтеу мен бақылауды қамтамасыз етеді;

14) әртүрлі пікірлер болған жағдайда Қоғамның мүдделеріне жауап беретін шешім қабылдау мақсатында, Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері ұсынған барлық басым нұсқалар мен ұсыныстардың қаралуын қамтамасыз етеді;

15) корпоративтік қайшылықтар туындаған жағдайда, оларды шешу және Қоғамның жұмысына теріс әсерін барынша азайту үшін шаралар қабылдайды, және осындай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда акционерлерді уақытында хабардар етеді;

16) Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

### **33-бап. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру**

1. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі Директорлар кеңесі күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылауға жеткілікті уақыт бөліп, мәселелерді толық және терең қарастыруға назар аудара алатындай отырысты өткізуге бөлінген жалпы уақытты бөле отырып, құрылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы. Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақырта отырып өткізіледі.

3. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламалар және отырыс материалдары Директорлар кеңесінің мүшелеріне кемінде 7 (жеті) жұмыс күні бұрын, ал осы Жарғының 27-бабы 4-тармағының 1), 2), 15), 17), 32), 33) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша отырыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) жұмыс күні бұрын жіберілуі тиіс.

### **34-бап. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы**

1. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін, өткізілетін күндері көрсетілген отырыстарды өткізу кестесін және қаралатын мәселелер тізбесін қамтитын жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің ұсынылатын мерзімділігі жылына

8-12 отырысты құрайды. Мұқият әрі толық талқылауды және уақтылы әрі сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету үшін жыл бойы қаралатын мәселелер санын теңдей бөлуге ұсыныс жасалады.

2. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесінің сайланған мүшелері санының кемінде жартысын құрайды. Кворум техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып (бейнеконференция сеансы, телефондық конференция байланысы режимінде және т.б.), қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін ескере отырып айқындалады.

3. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) үшін Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Акционерлердің осындай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

4. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауысын Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа тұлғаға беруге жол берілмейді.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

5. Директорлар кеңесі төрағасына материалдарды ұсыну мерзімін бұзу себебін толық түсіндіру берілген жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдары мерзімдерін бұза отырып берілген мәселелер енгізілмейді.

6. Директорлар кеңесінің бір күндізгі отырысының күн тәртібіне енгізілетін ұсынылатын мәселелер саны оннан аспауы керек. Айрықша жағдайларда Директорлар кеңесінің төрағасы қосымша мәселелерді енгізуді мақұлдауы мүмкін.

7. Отырыстың күн тәртібін құру, Директорлар кеңесінің мүшелерін және отырыс қатысушыларын хабардар ету, сонымен қатар оларды қажетті материалдармен қамтамасыз ету бойынша міндет Корпоративтік хатшыға, Корпоративтік хатшы болмаған жағдайда – Корпоративтік хатшы қызметінің қызметкерлеріне жүктеледі.

8. Директорлар кеңесі тек қана Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

9. Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай және күндізгі дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін, бұл ретте сырттай дауыс беру нысанында өтетін отырыстар саны барынша азайтылуы тиіс.

Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешім қабылдау тек қана Директорлар кеңесі отырысында күндізгі дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

10. Осы Жарғының 27-бабы 4-тармағының 1), 2), 13) – 15), 17) – 22), 25), 26), 31), 32), 38), 42), 43), 44), 47), 48) тармақшаларында көзделген мәселелерді қараған кезде, сонымен қатар инвестициялық/кредиттік жобаларды және кадрлық мәселелерді қараған кезде Директорлар кеңесінің отырысын сырттай нысанда өткізуге рұқсат етілмейді.

11. Сырттай дауыс беру нысанындағы отырыс Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін. Сырттай дауыс бере отырып отырысты өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына (ал оны өткізуден бас тартқан жағдайда - Басқармаға) жазбаша нысанда ұсынылады және дауыс беруге қойылған нақты және біржақты тұжырымдалған мәселені (мәселелерді) қамтиды.

12. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып, жазбаша түрде рәсімделеді және Корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды.

13. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер отырыс өткізілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні шінде Корпоративтік хатшы талқылаулар мен қабылданған шешімдер қорытындыларын толық көлемде көрсете отырып, жасайтын хаттамамен рәсімделеді және оған отырысқа төрағалық еткен адам мен Корпоративтік хатшы қол қояды және мыналарды қамтиды:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) өткізілу нысаны (күндізгі, сырттай немесе аралас, ашық немесе жабық);
- 3) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 4) Директорлар кеңесі мүшелерінің және Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын шақырылған тұлғалардың (Корпоративтік хатшыны қоса алғанда) Т.А.Ә.;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) проблемалық аспектілер мен даулы жағдайларды дамытуды қоса алғанда, отырыс барысының хаттамасын жүргізу;
- 7) дауысқа қойылған мәселелер, талқылау және солар бойынша Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 8) қабылданған шешімдер;
- 9) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

14. Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарын қоса алғанда, Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, сырттай өткізілетін отырыстардың шешімдері, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер, стенограммалар Корпоративтік хатшыда сақталады және оларды қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жылдан кейін белгіленген тәртіппен Қоғамның архивіне

тапсырылады. Корпоративтік хатшы оларды Қоғамның архивіне тапсырғанға дейін осындай құжаттардың сақталуы үшін жауапты болады.

15. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпті бұзып, қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібінде шешуге құқылы.

16. Директорлар кеңесінің кем дегенде бір мүшесінің мәселені сырттай отырыста қарауға қарсылығы болған жағдайда, мәселе Директорлар кеңесінің кезекті күндізгі отырысының күн тәртібіне енгізіледі.

17. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады.

18. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан орны;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы ақпарат;
- 3) Директорлар кеңесінің мүшесіне бюллетеньдерді ұсыну күні және бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталған күні;
- 4) толтырылған бюллетеньдер жіберілуі тиіс почталық мекенжай;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 6) дауыс беруге шығарылатын мәселелердің тұжырымдамалары және әрбір мәселе бойынша шешімдер;

7) әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары: «жақ», «қарсы», «қалыс қалды» және Директорлар кеңесінің мүшесі «жақ», «қарсы», «қалыс қалды» деп дауыс берген немесе жеке ескертулер жасалған себептері.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлері хаттамаға қоса беріледі.

19. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі осындай шешім қабылдауға негіз болған бюллетеньдер көшірмелерін қоса ұсынумен шешім рәсімделген күннен бастап 20 (жиырма) күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануы тиіс.

20. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүддесі бар Директорлар кеңесінің мүшесі, аталған мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында бұл туралы тиісті жазба жасалады.

### **35-бап. Қоғамның Басқармасы**

1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма жүзеге асырады. Ол Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

2. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

3. Қоғамның Басқарма мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма төрағасы мен мүшелері 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге сайланады. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі жалпы Басқарма өкілеттігінің мерзіміне сәйкес келеді.

4. Қоғамның акционерлері және оның акционері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарма мүшелері болуы мүмкін.

5. Басқарма мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде адал әрекет етуі және Қоғамның және Акционерлердің жалпы жиналысының мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалануы тиіс.

6. Басқарма мүшелері:

1) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты толық көлемде алуға, Қоғамның құрылтай, нормативтік, есепке алу, есеп беру, қаржылық, шарттық және өзге де құжаттарымен және материалдарымен, оның ішінде Басқарманың құзыретіне жататын мәселелерді шешу үшін қажетті аудиторлық қорытындылармен танысуға;

2) жоғарыда аталған құжаттардың және Басқарма отырыстарының хаттамаларының көшірмелерін алуға;

3) Басқарманың жұмыс жоспарына және Басқарма отырысының күн тәртібіне ұсыныстар, сондай-ақ Басқарманың кезектен тыс отырысын шақыру туралы ұсыныстар енгізуге;

4) Басқарманың шешімдерімен келіспейтінін жазбаша түрде білдіруге және оны Қоғамның Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге құқылы;

5) Басқарма мүшелері басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен жұмыс істеуге құқылы;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Қоғамның ішкі құжаттарында және Басқарма туралы ережеде берілген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

7. Басқарма мүшелері:

1) Басқарма құрамында әрекет ете отырып, Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық ету жөніндегі мәселелерді шешуге;

2) Басқарманың отырыстарына қатысуға

3) Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Басқарманың шешімдері мен тапсырмаларын орындауға, осы Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;

4) қызметтік, коммерциялық, инсайдерлік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария етпеуге;

5) өзінің қызметтік жағдайын және Қоғам қызметі туралы алынған ақпаратты жеке басының мүддесі үшін пайдаланбауға, сондай-ақ өзінің қызметтік жағдайы мен өзі білетін ақпараттарды Қоғам мүдделеріне зиян келтіретін басқа тұлғалардың пайдалануына жол бермеуге;

6) Басқарма төрағасы мен Директорлар кеңесінің назарына өздері лауазым атқаратын заңды тұлғалар, басқару органдары туралы ақпаратты жеткізуге.

8. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, сонымен қатар Қоғаммен жасалған еңбек шарттарымен



айқындалады. Басқарма төрағасымен жасалатын еңбек шартына Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Қоғамның Басқарма төрағасы қол қояды.

9. Тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша шешімдерді жедел қабылдау мақсатында Қоғамда Басқарма жанынан Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылады. Тәуекелдер жөніндегі комитетті қалыптастыру және оның жұмыс тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленеді.

10. Басқарма Директорлар кеңесін Қоғам бюджеті шеңберінде өз функцияларын толыққанды орындау үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге жауапты болады.

11. Басқарма төрағасының және мүшелерінің сыйақысы мөлшерін Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша белгілейді.

### **36-бап. Қоғам Басқармасының құзыреті**

1. Қоғам Басқармасы:

1) Қоғамның Даму жоспарын (Стратегиясын), Іс-шаралар жоспарын (Бизнес-жоспарын) әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;

2) Қоғамның Даму стратегиясын, Даму жоспарын және (немесе) Бизнес-жоспарын, Қоғамның бюджетін жүзеге асыруды іске асырады, сонымен қатар олардың орындалуы үшін жауапты;

3) Қоғамның даму жоспарын (Стратегиясын) іске асыру жоспарын бекітеді;

4) Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерінің ағашын бекітеді;

5) Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысы анықтайтын мерзімде Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін ұсынады;

6) осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі шешім қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың Директорлар кеңесі анықтайтын тәртіп негізінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен ерекше талаптар белгіленген Қоғамның тобына кіретін ұйымдармен жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдайды;

7) құны Қоғам активтерінің жалпы құны мөлшерінен 1 (бір) пайыздан асатын және 10 (оннан) төмен пайызды құрайтын мүлікті Қоғамның сатып алуы немесе иеліктен шығаруы (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) нәтижесінде Қоғам мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдайды, осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Басқарма төрағасы қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда;

